

"Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 268 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 1600 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 8 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 6 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары

Астана қаласы, 2003 жыл

Кіріспе

Осы "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) дамыту жоспары " Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына , Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына және Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта саласын дамыту және почта-жинақ, жүйесін қалыптастыру бағдарламасына сәйкес әзірленді.

1. Қоғамның жай-күйі және даму перспективалары

1.1. Қазақстандық почтаның миссиясы

Қазақстандық почтаның қоғамның әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымының маңызды құрастырушысы ретіндегі миссиясы азаматтардың ақпарат алуға, таратуға және беруге конституциялық құқықтарын қамтамасыз етумен тұжырымдалады.

Қазақстандық почтаның миссиясы төменде келтірілген бірнеше басты кезеңдерді б і р і к т і р е д і .

Нарықтық экономиканы құру жағдайында Қоғам қызметінің әлеуметтік бағдары күшейтіледі, ол барлық тұтынушы топтардың, әсіресе, еліміздің шалғай аймақтарында өмір сүретіндердің, почта байланысының өмірлік маңызды қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етумен білдіріледі, сонымен кәсіпкерліктің дамуына, іскерлік белсенділіктің, білімнің, мәдениет пен ғылымның дамуына ықпал етеді.

Почта жүйесінің тиімділігін арттыру. Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың стратегиялық мақсаты қазіргі заманғы технологиялар мен халықаралық ынтымақтастықтың озық нысандары негізінде почталық та, қаржылық та қызметтердің ауқымын кеңейту есебінен коммерциялық өміршең және қаржылай тұрақты почта бөлімшелері желісін қалыптастыруды көздейтін тиімді почта-жинақ жүйесін құру болып табылады. Почта-жинақ жүйесін қалыптастырудағы таңдалған стратегияның тиімділігі әлемнің жетекші почта әкімшіліктерінің тәжірибесімен расталады.

Пайдалылықты почта саласының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай ретінде тану. Қоғам нарықтық инфрақұрылымның тиімді жұмыс істеуінің және коммерциялық табыс кепілінің маңызды шарты ретінде почта байланысының сапалық деңгейін жақсартуға және бәсекеге төзімді қызметтерді ұсынуға жәрдемдесетін ішкі әлеуетті одан әрі өсіруді мақсат етіп отыр.

Нарықтық бағдарға ерекше ден қою. Қоғам тиісті қызметтерді жаңа сапалы деңгейде ұсыну мақсатында корпоративтік клиенттерді қоса алғанда, тұтынушылардың қажеттіліктерін зерделеу жөнінде жұмысын күшейтеді. Қоғам почталық технологияларды жаңғырту және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды ендіру негізінде қызметтердің кең кешенін ұсынатын әмбебап почта-қаржылық институты ретінде бекіп қалуға ниетті.

Институционалдық мүмкіндіктерді дамыту: адам, қаржы және техникалық ресурстарды дамыту, олардың ішкі өсуіне жәрдемдесу. Қоғам мемлекеттік қолдау мен мүдделі шетелдік әріптестермен байланыстарды пайдалана отырып, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту жөнінде шаралар қабылдайды. Активтерді нығайту және

сапасын жақсарту Қоғамға халықаралық қаржы институтының облигациялық заемы мен несиелері арқылы капитал тартуға мүмкіндік береді.

Бұл миссияны анағұрлым тиімді ету үшін Қоғамның орындалуы осы Дамыту жоспарында жазылған тиісті міндеттердің іске асырылу шамасына қарай бағалануы мүмкін айқын білдірілген негізгі стратегиялық міндеттері мен қаржылық мақсаттары бар.

1.2. Компания туралы жалпы мағлұмат

Қоғам мемлекет 100% қатысатын ашық акционерлік қоғам болып табылады. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 30503-1910-АО.

"Қазпочта" ААҚ "Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған және 2000 жылғы 7 қаңтарда әрқайсысының номиналды бағасы 1000 теңге 903 660 акциядан тұратын 903 660 мың теңге сомасындағы жалпы капиталмен тіркелді.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 621 қаулысымен Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне берілді.

Қоғам өз қызметін мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырады:

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңы ;

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңы ;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы ;

Қ о ғ а м Ж а р ғ ы с ы ;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 81 бірлескен бұйрығымен бекітілген почта байланысы қызметтерін ұсыну ережесі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы N 58 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын жүргізу ережесі;

Почта жөнелтімдерін, жедел почтаны қабылдау, тасымалдау және жеткізу жөніндегі

кәсіпкерлік қызметпен айналысуға арналған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 0001188 мемлекеттік лицензиясы ;

банк заңнамасында көзделген операцияларды теңгемен және шетелдік валютамен жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 14 лицензиясы ;

күзету қызметімен: азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, меншік иелерінің мүлкін, соның ішінде оны тасымалдау кезінде де күзетумен айналысуға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 4 мамырдағы ГС N 007583 лицензиясы ;

бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 29 наурыздағы N 0401200225 лицензиясы.

1.3. Қоғамды басқарудың ұйымдық құрылымы

Қазіргі уақытта Қоғамда 1-деңгейі облыстық филиалдарды тікелей басқаруды, почтаның жұмысын республикалық деңгейде ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын және почтаны халықаралық деңгейде білдіретін орталық аппараттан тұратын үш деңгейлі басқару жүйесі жұмыс істейді.

2-деңгейге 14 облыстық филиал, "Қазпочта" ААҚ-ның "Алматы почтамты" Алматы филиалы, "Қазпочта" ААҚ-ның "Астана почтамты" Астана филиалы, "Қазпочта" ААҚ-ның "Республикалық арнайы байланыс қызметі" (бұдан әрі - РАБҚ) филиалы, "Қазпочта" ААҚ-ның "Алматы почта тасымалдау бөлімшесі" филиалы, "Қазпочта" ААҚ-ның "Астана қаласының почта тасымалдау бөлімшесі" филиалы, "Қазпочта" ААҚ-ның "Почтажабдықтау" филиалы.

3-деңгейді облыстық филиалдарға бағынатын және қалалар, аудандар аумақтарында почта жөнелтімдерінің барлық түрлерін қабылдауды, өндеуді, тасымалдауды және табыс етуді қамтамасыз ететін почта байланысының 20 қалалық торабы мен почта байланысының 150 аудандық тораптары құрайды. Қалалық почта байланысы тораптары (бұдан әрі - ҚПБТ) және аудандық почта байланысы тораптары (бұдан әрі - АПБТ) қалалық (бұдан әрі - ҚПББ) және ауылдық почта байланысы бөлімшелерінің (бұдан әрі - АПББ), сондай-ақ почта байланысы пункттерінің (бұдан әрі - ПБП) қызметін басқаруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелер желісіне 20 ҚПБТ, 150 АПБТ, 3365 почта байланысының бөлімшелері (бұдан әрі - ПББ) кіреді, олардың 610-ы қалаларда және 2755-і ауылдық жерлерде орналасқан.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызметкерлердің тізімдік саны 16 513 адамды құрады, оның ішінде 79% немесе 13 076 адам әйелдер. 2001 жылы нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін қолданылатын) 11 238 адамды құрады.

1.4. Өндірістік-қаржылық дамуын талдау

Қазақстан почтасы қаржы жағдайын тұрақтандыру және тұрақты өсу сатысына нық қадам басуда: біртіндеп почта байланысы қызметінің сапасы жақсаруда, почта-қаржылық қызметтер аймағы кеңеюде, қазіргі заманғы коммерциялық қызмет көрсетулер дамуда.

2000-2001 жылдар кезеңінде шығатын ақылы почта алмасудың өсу үрдісі байқалды, 2001 жылы почта жөнелтімдерінің жалпы саны 97,7 млн. бірлікті құрады және 2000 жылмен салыстырғанда 18% өсті. Шығатын ақылы почта алмасудың көлемі 2002 жылы 0,65 млн. бірлікке немесе 2001 жылдың деңгейіне қатысты 101% ұлғайды (1-кесте).

1-кесте

Шығатын ақылы почта алмасудың динамикасы

Атауы	! 2000 ж. ! ! есеп	! 2001 ж. ! ! есеп	! 2002 ж. ! ! баға	!2001 ж. қатысты ! 2002 ж. %
Шығатын ақылы почта алмасу	83,3	97,7	98,3	100,6
Оның ішінде:				
- жазбаша хат-хабар	14,8	14,5	14,5	100,2
- сәлемдемелер	1,2	1,3	1,3	100,0
- мерзімдік басылымдар	67,3	81,9	82,5	100,7

Шығатын ақылы почта алмасудың құрылымында ең үлкен үлес салмақ (84%) жазылуға және мерзімдік басылымдарды сатуға келіп тұр, жазбаша хат-хабар 15% құрайды. 2002 жылы Қоғам балама байланыс құралдары пайда болғаннан және Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін басқа да қызметтерді жеткізушілер тарапынан өсіп отырған бәсекелестіктен туындаған хатпен алмасудың құлдырауын жеңіп шықты, сондай-ақ 2000-2001 жылдары байқалған бандерольдер, сәлемдемелер және мерзімдік басылымдар бойынша почта алмасудың өсу үрдісі сақталып қалды.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу жөніндегі функцияларды біртіндеп қайтару нәтижесінде Қоғамның "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ) субагенті ретінде 2001 жылы төлеген зейнетақыларының, жәрдемақыларының және атаулы әлеуметтік көмектің жалпы саны 57,3 млрд. теңгеден аса сомаға 17,1 млн. бірлікті құрады, мұның өзі 2000 жылғы деңгейден 60% асып түсті. 2002 жылы 17,4 млн. бірлік мөлшеріндегі 66 млрд-тан астам теңге сомасында зейнетақылар мен жәрдемақылар төленді.

2001 жылы қабылданған ақша аударымдарының саны 0,76 млн. құрады, мұның өзі 3,6 млрд. теңгені құрап, 2000 жылғы деңгейден 3% асты, 2002 жылы қабылданған ақша аударымдары саны ақшалай аударым сомасы 13,8 % өсіп, 0,75 млн. бірлік құрады.

Почта-жинақ ісін қарқынды дамыту, ауылдық жерлер мен аудандық маңыздағы қалаларда бөлшек сауда бизнесін енгізу нәтижесінде қаржылық операциялардың көлемі : төленген жалақы көлемі - 2000 жылмен салыстырғанда 75 есе, қабылданған коммуналдық төлем көлемі 1,4 есе, қабылданған аударымдар көлемі - 1,2 есе ұлғайды. Қабылданған коммуналдық төлем көлемі 2,0 млрд. теңгені, бөгде ұйымдарға төленген жалақы сомасы - 10,4 млрд. теңгені құрады.

Халықтың ақшасын депозитке қабылдау және беру жөнінде қызметтер ұсынылатын почта байланысы бөлімшелерінің саны 20 бірлікке ұлғайды және 2001 жылдың қорытындысы бойынша 2291 бірлікті құрады, оның ішінде АПБТ жанында - 109, ҚПБТ жанында - 36, қалалық - 285, ауылдық - 1861. Қолданылған шаралар Қоғамға аумақты кеңейту және қызмет көрсетудің сапалы деңгейін арттыру есебінен клиенттер санын ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Қоғамның депозиттік базасы бір жылда өткен жыл деңгейіне қатысты 2 есе ұлғайды және 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 756,6 млн. теңгені құрады.

2001 жылы Қоғам Қазақстан Республикасының ішінде "Жедел аударымдар" сынама жобасын енгізді. "Western Union" жедел аударымдарды өңдеу желісі кеңейтілді, 2001 жылы қабылданған аударымдар саны өткен жылмен салыстырғанда 14 есеге ұлғайды және 95,5 млн. теңге сомасына 2053 бірлікті құрады, төленген аударымдар саны 45,8 млн. теңге сомасына 1267 бірлікті құрады, бұл өткен жыл деңгейінен 39,6 есе жоғары.

Есеп беру кезеңінде филателияны дамыту және почта төлем белгілерін сату жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Алматы және Астана қалаларында филателия салондары ашылды. Қоғам шарттар жасасты және "Georg Roll" және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі дүниежүзілік ұйым (WWF) сияқты халықаралық ұйымдарға филателия өнімдерін жеткізіп берді.

Сондай-ақ Қоғам мен Қырғыз Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қырғыз почтасы" мемлекеттік департаменті арасында почталық және телеграфтық аударымдармен алмасу жөніндегі қосымша келісімге қол қойылды, "Белпочта" республикалық мемлекеттік бірлестігімен және Жапон почта әкімшілігімен почталық ақша аударымын алмасу жөніндегі келісімге қол қойылды, Дойче Пост Банкпен (Германия) келісім қол қоюға дайындалуда.

1.5. 2000-2001 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметтің нәтижелері және 2002 жылы күтілетін көрсеткіштер

Тиімді жұмыс істейтін отандық почта-жинақ жүйесін қалыптастыруға бағытталған қызметті жандандырудың нәтижесінде компанияның қаржы жағдайы едәуір жақсарды (2 - к е с т е) .

Қаржылық нәтижелерді салыстырып талдау үшін 2000 жылдың көрсеткіштері 2001 және 2002 жылдармен салыстырмалы жағдайда келтірілген.

2000-2002 жж. қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері

(млн. теңге)

Баптардың атауы	2000 ж. есеп	2001 ж. есеп	2002 ж. баға	2000 жылға шаққанда 2002 жылы %
Жиынтық табыс, оның ішінде	3066,3	3561,0	3992,2	130,2
- негізгі қызметтен түсетін табыс	2819,3	3305,6	3810,5	135,2
- негізгі емес қызметтен табыс	247,0	255,4	181,7	73,6
Жиынтық шығыстар, Оның ішінде:	3047,7	3423,2	3818,7	125,3
- өндірістік өзіндік құны	1888,1	2041,4	2443,1	129,4
- кезең шығыстары	1126,6	1307,5	1318,9	117,1
- негізгі емес қызмет шығыстары	33,0	74,3	56,7	171,8
Салық салынатын табыс	18,6	137,8	173,5	9,3 есе
Салық төлемдері	16,4	26,8	46,2	2,8 есе
Төтенше жағдайлардан шығыстар			0	0,3
Таза табыс (шығын)	2,2	110,7	127,3	57,9 есе

2001 жылғы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша Қоғамның жиынтық табысы 2000 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда 16% ұлғайып, 3 561 млн. теңгені құрады. 2001 жылы жиынтық табыс 2000 жылдың деңгейінен 12,3% асып, 3 423,2 млн. теңгені құрады. 2001 жылы Қоғамның таза табысы 110,7 млн. теңгені құрады, ал 2000 жылы бұл көрсеткіш 2,2 млн. теңгеге тең болған.

2002 жылы жиынтық кірісті 2001 жылдың деңгейімен салыстырғанда 12% өсіру күтілуде, бұл 3992,2 млн. теңгені құрайды, жиынтық табыс деңгейі 11,5% немесе 3 818,7 млн. теңгеге ұлғаяды, таза табыс 14,9%-ға немесе 127,3 млн. теңгеге артады.

2002 жылы негізгі қызметтен 3 810,5 млн. теңге сомасында, негізгі емес қызметтен

181,7 млн. теңге сомасында табыс алу күтілуде. Бұл ретте өндірістік шығыстар (негізгі қызмет түрлерінің өзіндік құны) 2443,1 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

материалдар - 203,9 млн. теңге,
қызметкерлердің (өндірістік персонал) еңбек ақысы - 1 274,2 млн. теңге,
үстеме шығыстар - 444,4 млн. теңге,
басқа шығыстар - 520,6 млн. теңге.
Кезең шығыстары - 1 318,9 млн. теңге.

Негізгі емес қызметке байланысты шығыстар - 56,7 млн. теңге.

Қызметкерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын) 2001 жылмен салыстырғанда 7,3% ұлғаяды және 12 057 адамды құрайды, орташа айлық жалақы 12 675 теңгені құрайды, бұл 2001 жылғы деңгейден 22,6% жоғары.

1.6 Қоғамды дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары

Нарықтық экономиканың қалыптасуы және қоғамды ақпараттандыру жағдайында почта байланысы кәсіпкерліктің, қаржы-жинақ қызметтерінің, бағалы қағаздар рыногының, ақпаратпен алмасудың дамуына жәрдемдесетін нарықтық және ақпараттық инфрақұрылымның маңызды элементі болып отыр.

Осыған байланысты Қоғамның таяу перспективада негізгі даму мақсаты Қазақстан Республикасында меншікті почта бөлімшелері желісі арқылы кең ауқымды почталық, қаржылық және агенттік қызметтер көрсететін, тиімді жұмыс істейтін почта-жинақ жүйесін құру болып табылады.

Қойылған мақсатты іске асыру мынадай негізгі мәселелерді шешуді көздейді:
қазіргі заманғы технологияларды қолдану, почта жөнелтімдерінің өтуін бақылау,
басқару жүйесінің нысандары мен әдістерін жетілдіру есебінен почта саласының жұмыс сапасын арттыру;

ақпараттық инфрақұрылым құруды көздейтін және ақпарат жіберудің аса сенімді, жылдам және қорғалған жүйесін ұйымдастыруға бағытталған почта байланысын ақпараттандыру;

ықтимал рыноктарды зерделеу және Қоғам қызметінің перспективалық бағыттарын айқындау жөніндегі жұмысты жандандыру арқылы қызмет түрлерін кеңейту;
почта жөнелтімдерінің нақты көлемін тұрақтандыру және елді мекендердің толық қамтылуын ескере отырып, аймақтық инфрақұрылымды жетілдіру және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру;

почта қауіпсіздігі жүйесін құру арқылы почта жөнелтімдерінің сақталуын және қызметтік міндеттерін атқару кезінде почта байланысы қызметкерлерінің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында тұжырымдалған ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі болып табылатын халықтың жинақ ақшасын ұлғайтудың ұлттық бағдарламасын іске асыруға барынша жәрдемдесу;
ауылдық жерлердегі тұрғындарға зейнетақы мен жәрдемақыларын уақытында

жеткізу функцияларын қалпына келтіруді көздейтін зейнетақы реформасын қолдау және осы негізде осындай әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыруға арналған өз төлем жүйесін әзірлеу;

еңбекақы, стипендия, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелердің, көлік-коммуникация кешені кәсіпорындарының және басқа ұйымдардың санын көбейту;

жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдардың өкілдерінен салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер есебіне төлейтін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметті жандандыру;

материалдық базаны және техникалық жарақтандыруды жақсарту; почта-жинақ желісін жетілдіру және соның негізінде қазіргі заманғы өз төлем жүйесін құру;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, жаңа қызметтерді көрсету жөніндегі Қоғам қызметін реттейтін әдіснамалық базаны қалыптастыру; шетелдік почта әкімшіліктерінің озық жетістіктерін зерделеуді және ендіруді көздейтін Қазақстан Республикасы почта саласының әлемдік почта жүйесіне кірігуін одан әрі тереңдету.

Белгіленген мақсаттарды табысты іске асыру үшін Қоғам, төмендегіні қоса алғанда, жаңа технологияларды ендіру және жабдықтарды жаңғырту негізінде Қоғам ұсынатын қызметтердің бәсекеге төзімділігін арттыру жөнінде жұмысты жалғастырады:

жаңа автоматтандырылған жүйелерді қосуға және барларын жетілдіруге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйені модульдық құру;

халықаралық почта жөнелтімдері бойынша мәліметтерді жинау және өңдеудің автоматтандырылған жүйесін ендіру. Мұндай жүйені ендіру күн сайын транзиттік, кіретін және шығатын халықаралық почта жөнелтімдері, олардың саны туралы ақпарат алуға, олардың жүру жолы мен мерзімін бақылауға мүмкіндік береді;

халықаралық почта жөнелтімдерін бақылау модулі негізінде дамыған елдердің почта әкімшіліктерінің талаптарына сәйкес келетін машинамен оқылатын деректемелерді пайдалану мүмкіндігін көздейтін, барлық тіркелетін почта жөнелтімдерін толық бақылау модулін құру;

құжат айналымының жалпы жүйесін әзірлеу және енгізу;

халыққа ақпараттық қызметтер көрсететін ақпараттық-іздістіру қызметін құру.

Шетелдік ұйымдармен және почта әкімшіліктерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласында Қоғам мынадай бағыттарды анықтады:

біртұтас почта аумағын сақтау, әмбебап почталық байланыс қызметін көрсету, сала қызметкерлерін оқыту үшін Дүниежүзілік почта одағының органдарымен, аймақтық почта одақтарымен, шетелдік почта әкімшіліктерімен ынтымақтастықты дамыту;

Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасында авиа және жер бетіндегі көлікпен жолданатын почта жөнелтімдерінің жүріп өтетін бақылау мерзімін белгілеу

ж ә н е

е н г і з у .

Қоғамның Дүниежүзілік почта одағының Халықаралық бюросы өткізетін халықаралық почта жөнелтімдерінің нақтылы жүріп өту мерзімін тексерулеріне қ а т ы с у ы .

Тіркелетін жөнелтімдердің сақталуын және халықаралық рынокта ұсынылатын әмбебап почта қызметінің сапасын көздейтін, Дүниежүзілік почта одағының Пекин конгресінде қабылданған өзгерістерге сәйкес шетелдік почта әкімшіліктерімен ақырғы шығындарды өтеу тәртібін өзгерту.

Таяу перспективадағы даму басымдылықтары ретінде мынадай қызмет бағыттары б е л г і л е н г е н :

хаттарды, бандерольдерді, сәлемдемелерді жіберу үшін почта жөнелтімдерінің жаңа орамын әзірлеу және енгізуді қоса алғанда, почта жөнелтімдерін өңдеудің технологиялық процестерінің жекелеген рәсімдерін өзгерту;

почта байланысын пайдаланудың сапалық көрсеткіштерін бағалау нормативтерін қайта қарау, почта жөнелтімдерін жеткізудің бақылау мерзімдерін қысқарту м а қ с а т ы н д а қ а й т а қ а р а у ;

салымдар бойынша пайыздарын автоматты есептеу және бухгалтерлік есепте жүргізілетін операцияларды көрсету үшін Қоғамның бөлімшелерінде ашылған барлық дербес есепшоттарды орталықтандырылған түрде жүргізу;

екінші деңгейдегі банктерге заңды тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі агенттік қызметтерді ұсыну жұмысын жандандыру;

"Western Union" жүйесі бойынша ақша аударуда клиенттердің шеңберін кеңейту.

Сондай-ақ мынадай жаңа қызмет түрлерін енгізу және дамыту жоспарлануда:

1) тапсырыстар бойынша сәлемдемелермен сауда жасау жүйесі шеңберінде, оның ішінде Интернет арқылы сервистік қызмет көрсете отырып "Тауар - почтамен" каталогы бойынша почта саудасын ұйымдастыру және дамыту;

2) гибридтік почтаны ұйымдастыру;

3) трансфер-агенттік қызметтер;

4) зейнетақы қорларына, сақтандыру компанияларына, брокерлік компанияларға, банктерге және басқа да ұйымдарға агенттік қызметтер көрсету;

5) почта жарнамасы саласында қызметтер көрсету;

6) қазіргі заманғы технологиялар, филиалдардың республикалық желісі және халықаралық ынтымақтастықтың озық нысандары негізінде электронды почта с а у д а с ы н д а м ы т у .

Қазақстандық почтаны дамытудың перспективалы бағынарының бірі электрондық сауда жасау жүйесін енгізу болып табылады, оның ерекшеліктері мен а р т ы қ ш ы л ы қ т а р ы м ы н а д а й :

қазақстандық рынокқа жаңа сауда түрлерін енгізу;

почтаның қызмет аясын кеңейту;

уақытты, қаржы және адам ресурстарын үнемдеу;
әрқилы топтардағы тұтынушылардың кең ауқымды қаржылық, ақпараттық қызметтерге және тауарларға қол жеткізуі;
отандық өндірушілерді тауарлар рыногына енгізуге бағыт алу;
тұтынушылар мұқтажына бағдар ұстау, нарықтық жағдайға тез бейімделу.

EMS Kazpost курьерлік қызметінің жұмысындағы басым бағыттар оны жаңғыртып жетілдіру мен бәсекелестік қабілетін арттыру болады. Соған байланысты:

- 1) Қазақстан бойынша EMS Kazpost курьерлік қызмет жүйесін автоматтандыру;
- 2) EMS халықаралық кооператив жүйесіне сәйкес келетін компьютерлік бақылап қадағалау жүйесін енгізу;
- 3) әлемнің ірі почта әкімшіліктерімен халықаралық жедел почта саласындағы ынтымақтастық;
- 4) почталық қызмет көрсетудің жылдамдығын арттыру және сапасын жақсарту мәселелері шешіледі.

EMS Kazpost курьерлік қызметін одан әрі дамыту - халықаралық EMS кооперативінің толық құқылы мүшелігіне жету және оның іс-шараларына қатысу, шетелдік почта әкімшіліктерімен және компанияларымен келісімдер жасасу, әуежайларда жедел жөнелтімдерді өңдейтін учаскелер ұйымдастыру, шет елдерге жолданған жөнелтімдерді бақылап қадағалаудың жүйесін (штрих кодтар) енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруды Қоғамның табысты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай ретінде жарамды табыстылық деңгейіне қол жеткізуге бағытталып, белгіленген инвестициялық және қаржылық жоспарларды іске асыру арқылы қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

1.6.1. Шағын бизнеске қолдау көрсету

Кәсіпкерлікті қолдау тұрғысында Қоғам алдағы уақытта да іскерлік белсенділіктің, әсіресе, ауылдық жерлерде өсуіне, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесуге ниетті.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын қолдаудағы мүмкін шаралардың арасында Қоғам уақытша іске қосылмаған өндірістік алаңдарды жалға беруге ұсынуды көздеп отыр. Халықтың әлеуметтік қорғалмаған бөлігін қолдау мақсатында зейнеткерлер мен мүгедектердің еңбегін пайдаланатын (мысалы, маркаларды желімдеу, хаттарды сұрыптау және т.б.) шағын кәсіпорындарға қолайлы жағдай жасау көзделуде. Сондай-ақ Қоғам шағын кәсіпорын субъектілеріне электрондық почта қызметтерін, Интернетке кіруді жеңілдікпен ұсынуға дайын. Бұдан басқа, жоспарланған іс-шаралар почталық жарнаманы тұрақты жүргізу арқылы отандық тауар өндірушілердің өнімін рынокқа шығаруды қамтып отыр.

1.6.2. Кадр саясаты

Кадр саясаты саласында Қоғам персоналдың кәсіби даму мәселелерін оның қызметін жақсартудағы маңызды факторлардың бірі деп қарайды.

Кадр саясатының негізгі қағидаттары:

почта байланысы желісінің барлық деңгейлерін басқару жүйесінің кешенді және толық сипатымен қамтамасыз ету;
аса тиімді уәжді еңбекке, шығармашылық қайтарымдылыққа және жаңалық енгізуге қабілетті персоналды қалыптастыру болып табылады.

Кадрлар жұмысының тиімділігін арттыру, олардың кәсіби шеберлікке жетіп, почталық және қаржылық қызмет рыногындағы бәсекелестік қабілетін қолдау мақсатында персоналмен жұмыс жүйесін, ұйымдық құрылым мен штаттық лауазым жүйесін жетілдіруге бағытталған жұмыс жалғаса түседі. Почта персоналының кәсіби дамуы мен олардың сапалық сипатын жақсартудың негізгі құралы қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау және біліктілігін көтеру болып табылады.

Жоспарлы кезеңде еңбек ресурстарын дамытуда менеджменттің тиімділігін арттыру, басқару мен жоспарлаудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу, басқарушы персоналдың кәсіби сапасын дамыту айрықша орын алмақ. Менеджердің адамдармен қарым-қатынас жасауы, талдау қабілеттілігі, ұйымдастырушылық күш-жігері мен жұмысқа шығармашылық көзқарасы сияқты қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінетін болады. Адам ресурстарын дамыту орта буындағы басшылармен қатар өндірістік персонал үшін де семинарлар, тренингтер, курстар ұйымдастырып өткізуді көздейді.

Қоғам персоналын оқытудың үдемелі бағдарламаларының негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

1) ақпараттық технологиялар (қазіргі заманғы телекоммуникациялық жабдықтарды ендіру, бірыңғай операциялық жүйе мен корпоративтік желіні құру);

2) қызметтер (почта сервисінің сапасын арттыру және клиенттік базаны кеңейту, почта-қаржылық қызметтер);

3) бухгалтерлік есеп (бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшу, бірыңғай төлем жүйесін автоматтандыру және ендіру);

4) экономикалық талдау, жоспарлау (бюджет процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістерін ендіру, статистикалық мәліметтер жинау жүйесін автоматтандыру, қаржылық және жобалық талдаудың, монополияға қарсы заңнама аясына кірмейтін қызметтерге арналған тарифтерді болжау және есептеудің бағдарламалық өнімдерін ендіру);

5) маркетинг (қаржылық және агенттік қызметтерді ұсынатын корпоративтік клиенттермен жұмыс істейтін мамандарды маркетингтің негізгі әдістеріне үйрету);

6) фирма ішіндегі және сыртқы корпоративтік имиджді қалыптастыру.

1.6.3. Қоршаған ортаны қорғау және почта қауіпсіздігі

Почта қызметтерінің жұмыс ерекшелігіне байланысты жөнелтімдерді жинау және жеткізу үшін көлік құралдарын пайдаланбау мүмкін емес. Алайда Қоғам өзінің даму

барысында почта байланысы кәсіпорындары пайдаланатын автокөліктің қоршаған ортаға теріс ықпалын жұмсарту жөнінде іс-шаралардың тұтас кешенін жүзеге асыруды к ө з д е п о т ы р .

Осы іс-шаралар қатарына технологиялық жабдық паркін, соның ішінде көлік құралдарын жаңартуды, сүзбелер мен катализаторлар орнатуды жатқызуға болады. Қазіргі заманғы почта жабдығын және көлік құралдарының соңғы модельдерін жоспарланып отырған сатып алу анағұрлым жоғары экологиялық стандарттарды к ө з д е й д і .

Қазақстандық почтаның беделі көбіне почталық сервистің сапасы мен қауіпсіздігіне тәуелді. Қоғамның почта қауіпсіздігі қызметі почта жөнелтімдерінің сақталуын бақылау жүйесін жетілдіру, байланыс объектілері мен жұмыс істеуші персоналдың қауіпсіздігі, қауіпті жүктерді жіберу фактілерін болдырмау мәселелеріне айрықша к ө ң і л б ө л е д і .

АҚШ-тағы биотерроршылдықтан туындаған жоғары қауіп кезеңінде почта қауіпсіздігі қызметі почта байланысы қызметкерлерімен почта жөнелтімдерінде күдікті заттарды айқындау жөнінде нұсқау жүргізді. Күн сайын хат-хабармен жұмыс істейтін персонал респираторлармен, резеңке және мақта-қағаз қолғаптармен және басқа да қорғау құралдарымен қамтамасыз етілді.

2003 жылы почта қауіпсіздігінің негізгі міндеттерінің бірі Қоғам объектілерінің техникалық қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жү р г і з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

2003 жылы тасымалданатын құндылықтарды, инкассация қызметінің қызметкерлерін және көлік құралдарын сақтандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге б а с а н а з а р а у д а р ы л а т ы н б о л а д ы .

Одан басқа, Қоғамның барлық бөлімшелерінде компьютерлік желілерді қорғаудың алдын алу және нығайту жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады.

Тұрақты негізде почта жөнелтімдерінде жарылғыш құрылғыларды, қару-жарақты, оқ-дәріні, есірткілік және тез тұтанатын заттарды айқындау тақырыбына нұсқау және жүйелі бақылау жұмысы жүргізіледі.

Почта қауіпсіздігі жүйесін дамытудың перспективалы бағыттары:

1) кіретін почтаның сақталу деңгейі мен сапасын арттыру мақсатында шетелдік почта әкімшіліктерінің почта қауіпсіздігі қызметтерімен байланыс орнату. Дүниежүзілік почта одағының ұсынымы бойынша Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық шеңберінде ТМД және Балтық елдері аумағында аймақтық почта қауіпсіздігі желісі құрылды. Почта қауіпсіздігі бөлімшелері тұлғасында почта қызметтері ұсынылатын қызметтердің сапасын, почта байланысы жүйесінің сенімділігі мен тұтастығын арттырудың, нақты құралына ие болады. Осыған байланысты қазақстандық почтаның өкілі Почта қауіпсіздігі жөніндегі іс-қимыл тобы құрамына енді, бұл топ ТМД және Балтық елдерінің почта байланысы мүддесін қорғау жөнінде

негізгі

бағыттарды

әзірлеуде;

2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерін почталық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, халықаралық почтамен толық алмасу, почта жөнелтімдеріне тарифті дұрыс қою және ұрлауды болдырмау бөлігінде тексеріс ұйымдастыру және жүргізу;

3) почта жөнелтімдері мен ақшалай соманың жоғалуы және ұрлануы фактілері бойынша тексеріс жүргізу, тексеріс материалдарын тергеу органдарына беру;

4) төтенше жағдайлар туындаған жағдайда іс-қимыл жоспарын әзірлеу;

5) бөлімшелердің почта қауіпсіздігі құралдарымен техникалық жарақтануын жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру, почта байланысы объектілері мен мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

Күзету-қорғау іс-шараларын жүргізу почта жөнелтімдерінің сақталуына, почта байланысы объектілері мен персоналының қауіпсіздігіне, почта жөнелтімдерінде қауіпті тауарлар мен тыйым салынған заттарды жіберуге жол бермеуге бағытталған.

1.6.4. Маркетингтік зерттеулер

Почта рыногының даму перспективасын қамтамасыз ететін басты ерекшелік өндірісті ұйымдастыру үшін тұтынушылардың қажеттілігін барынша ескеру, қызмет ауқымы мен әрекет ету аясын кеңейту және оларды іске асырудың табыстылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Почта байланысы қызметтерін пайдаланушылардың қызмет сапасына талаптарының жоғарылауы, жаңа технологияларға көшу және қазіргі заманғы жабдықты ендіру қажеттілігін талап етеді, соған байланысты маркетингті дамытудың басымдылықты бағыты клиентураның дәстүрлі және жаңа қызметтерге мұқтаждарын толығырақ ескеру мақсатында почта рыногын, сұранымның төлем қабілеттілігі деңгейін зерттеу және де почта рыногын сақтау мен дамыту жөніндегі іс-қимыл әзірлеу болып отыр.

Маркетингінің басты мақсаттарына мыналар жатады:
клиенттердің қажеттілігін қанағаттандыру;

почта байланысының дәстүрлі қызметтер рыногының үлесін ұстап тұру;
почта байланысының жаңа қызмет түрлерін көрсету есебінен рынокты кеңейту.

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу Қоғамның маркетинг қызметінің мынадай басты міндеттерін шешуді көздейді:

қызмет рыногын зерттеу, оған сыртқы ортаны, соның ішінде саяси, мәдени, демографиялық, аумақтық және басқа жағдайларды зерттеу кіреді; қазіргі және ықтимал тұтынушыларды зерттеу және рынокты саралау; нақты және болжамды сұранысты анықтау, почта байланысы қызметінің рынок жағдаятын болжау; бәсекелестердің хал-жағдайы мен іс-әрекетін зерттеу;

төлемге қабілетті сұранысқа жауап беретін қызметтердің ұсынылуын ұйымдастыру;

нақты қызметтердің мүддесінде рынокқа, тұтынушы сұранысына ықпал ету; рынок конъюнктурасын бағалау, Қоғамның коммерциялық қызмет нәтижелерін және оларға ықпал ететін факторларды ұдайы талдау; сату мен Қоғамның нарықтық үлесінің болжамдарын әзірлеу, нарық жағдайына талдау жасау;

Қоғамның басқа бөлімшелерімен және Қоғам басшылығымен бірлесіп Қоғамның ішкі және сыртқы рыноктарда, тұтас алғанда және қызметтің жекелеген түрлеріне баға саясатына қатысты мақсаттары мен стратегиясын пысықтау;

тұтас алғанда, Қоғам және жекелеген қызметтер үшін маркетингтің ұзақ мерзім және ағымдағы маркетинг жоспарларын әзірлеу және осы қызмет саласында Қоғам бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

бүкіл Қоғамның және оның бөлімшелерінің маркетинг қызметін жедел ақпараттық қ а м т а с ы з е т у ;

нарықтық қызметке бағдарды негізге ала отырып, Қоғамды басқарудың ұйымдық құрылымын жетілдіру, қызметтер ұсынудың технологиялық процесін өзгерту, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және т.б. жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

сыртқы ұйымдармен байланыс орнату жөнінде ұсынымдар әзірлеу, ал бірқатар жағдайда Қоғамды басқа ұйымдармен және жеке тұлғалармен қарым-қатынаста білдіру ;

сапалы қызметтер ұсынатын жетілген және сенімді компания имиджін құру.

Маркетинг саясатын іске асыру кезінде ұсынылатын қызметкердің тіршілік циклы ескеріледі. Тіршілік циклы кезеңдерінің ұзақтығы әртүрлі, ал кезеңнен кезеңге көшу баяу өтетіндіктен Қоғамның маркетинг қызметі табыс пен түсім көлемінің өзгерістерін ұдайы бақылап, кезең шекаралары мен рыноктың дамуында күтілетін үрдістерді дер кезінде белгілеу үшін болатын өзгерістердің себебін айқындап, Қоғамның маркетинг бағдарламасына тиісті түзетулер енгізіп отырады.

2. Қоғамды дамытудың инвестициялық жоспары

2.1. Инвестициялық қызмет

Жаңа техниканың, ақпараттық технологиялардың пайда болуы, бәсекелестіктің дамуы, тиімділігі жоғары және сенімді қызметтерге қажеттіліктің өсуі салдарынан почтаны жылдам өзгертін нарық жағдайына тезірек бейімдеу қажеттілігі туындады.

Дәстүрлі қызметтер көлемінің құлдырауы почта байланысы бөлімшелерінен нарықтық экономика жағдайында өзекті болатын, дәстүрден тыс, бірақ табысы жеткілікті қызмет түрлерін кеңейтуді талап етеді. Бұл бағытты дамыту үшін қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылым, қазіргі заманғы көлік, яғни, инвестициялар қажет.

Почта саласында қаржы ресурстарын тартпай жағдайды тұрақтандыру бойынша жасалған бұрынғы іс-әрекеттер тек уақытша ғана әсер беретін, өйткені Қоғамда

ауылдық жерлердегі шығынды желіні ұстау үшін едәуір қаржылық шығын жұмсаушы нағыз монополист ретінде, саланы жетілдіруді қаржыландыратын өзінің ішкі қаржы көзінің тапшы болуында, ал қазіргі заманғы жабдықтарды сатып алмай және иеліні компьютерлендірмей, шығынды азайту да, көрсететін қызмет сапасын жақсарту да м ү м к і н е м е с .

Бұл қажеттілікті мойындаған Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына почта байланысын жетілдіру және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын енгізді, оны басым ретінде белгіледі. Осы жоба қазіргі почталық технологияларды енгізуді, Қоғамның байланыс бөлімшелерін компьютерлендіруді, инкассация қызметін жарақтандыруды, көлік паркін жаңартуды көздейді. Оны іске асыру почта қызметінің сапасы мен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыруға, әрбір почта бөлімшесінде кең ауқымды қызмет көрсетуге, көп тармақты почта бөлімшелері желісін пайдалану арқылы банктердің, зейнетақылық және инвестициялық қорлардың қызметтерін ұсынатын агенттік желі құруға жағдай туғызады. Қоғам ең жедел қызмет көрсету рыногында табысты түрде бәсекелесуге және қаржылық қызмет рыногында белсенді түрде ілгері жылжуға мүмкіндік алады.

Сонымен, клиенттерге қызмет көрсетудің жоғары сапасын, қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету мен почталық, қаржылық және басқа да қызметтердің жаңа түрлерін ұйымдастыру үшін Қазақстанның почта саласын ақпараттық және техникалық жағынан жаңғырту Қоғамның инвестициялық саясатының басым бағыты болып анықталды.

Таяу болашақта ауылдық жерден почта байланысы бөлімшелерін күрделі жөндеуге, касса тораптарының техникалық нығайтылуына, соның ішінде техникалық қауіпсіздіктің кешенді жүйесін орнатуды қоса санағанда почта байланысы бөлімшелері орналасқан ғимараттар мен жер учаскелеріне меншік иелігін ресімдеуді аяқтауға айрықша маңыз берілетін болады. Бұл мақсат үшін қаржыландыру көзін қалыптастыру Қоғамды капиталдандыру жолымен жүзеге асыру көзделген. Почта саласының айрықша әлеуметтік мәндегі қызмет көрсететін ерекшеліктерін ескере отырып, жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін мемлекеттік қолдау қажет болады. Соған байланысты, жарғылық капиталды ұлғайтуды акцияларды кейіннен эмиссиялау және оларды республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алу жолымен жүзеге асыру б о л ж а н ы п о т ы р .

"Қазақстан Республикасының почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру" жобасын 2003-2005 жылдары қаржыландыруды жүзеге асыру көздері мынадай деп жоспарлануда (3-кесте):

1) 2003 жылы 9 000 мың АҚШ долларына балама 1413 миллион теңге сомасында, айналым мерзімі 5 жылға дейін, купондық ставкасы жылына 12% дейін, Қоғамның корпоративтік облигацияларын шығару және орналастыру, оны игеруді жүзеге асыру 2003-2004 жылдарға жоспарланып отыр;

2) 2003 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен 9 000 мың

АҚШ доллары сомасында, айналым мерзімі 12 жыл, сыйақы ставкасы жылына 6% және негізгі қарызды төлеу бойынша 2 жыл жеңілдік кезеңімен сыртқы үкіметтік емес заем (Ислам Даму Банкінің кредиті) тарту, оны 2003-2004 жылдары игеру жоспарланған;

3) 2004-2005 жылдары жарғылық капиталды ұлғайтуға жалпы сомасы 1537,6 млн. теңге республикалық бюджеттің қаржысы;

4) 2005 жылы 153,8 млн. теңге сомасында банк-резиденттердің кредиттері.

3-кесте

2003-2005 жылдардағы қаржыландыру көздері

(млн . теңге)

№ / с !	Іске асыру мерзімі !	Қаржыландыру көздері !	Тартылған сомасы !
1	2003 - 2004 жж.	Қоғамның облигациялық заемы	1 413
2	2003 - 2004 жж.	ИДБ кредиті	1 498,5
3	2004 ж.	Акцияларды кейіннен эмиссиялауға шығару	800
4	2005 ж.	Акцияларды кейіннен эмиссиялауға шығару	737,6
5	2005 ж.	Банк-резиденттердің кредиттері	153,8
Б А Р Л Ы Ғ Ы :			4 6 0 2 , 9

2003 жылы облигациялық заем қаржысының бөлігін "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамының қолданыстағы несиелік желісі бойынша қарыздың қалдығын өтеуге жұмсау жоспарланып отыр. Осының нәтижесінде 2003-2005 жылдары пайыздар төлеу жөніндегі шығыстар бойынша жасалатын үнемдеу 35,3 млн. теңгені құрайды.

Сөйтіп 2003-2005 жылдары негізгі қаражатты сатып алуға жұмсалатын инвестициялардың жалпы сомасы 4 367,4 млн. теңгені құрайды.

Инвестициялық бағдарлама мынадай бағыттарды іске асыруды көздейді: ақпараттық инфрақұрылым құруды көздейтін және аса сенімді, жылдамдығы жоғары және қорғалған деректердің берілуін ұйымдастыруға бағытталған почта байланысын ақпараттандыру;

ақпаратты өңдеудің біртұтас компьютерлік орталығын құру; почта жөнелтімдерінің жүріп өтуіне бақылау жасауға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықтарды қолдану есебінен, сондай-ақ басқарушылық шешім қабылдаудың және оны іске асырудың жаңа қағидаттарына көшу арқылы почта

саласындағы жұмыстың сапасын арттыру;

Қазақстан Республикасы почта саласының дүниежүзілік почта жүйесіне одан әрі кірігуін тереңдету, шетелдік почта әкімшіліктерінің озық жетістіктерімен танысу және е н г і з у .

Белгіленген жоспарлардың нәтижесінде почта ұсынатын қызметтердің сапасы озық ақпараттық технологияларды ендіру және почта жабдықтарын жетілдіру есебінен едәуір жақсарады, почта өнімдері мен қызметтерінің ассортименті кеңейеді, еңбек өнімділігі артады, демек, Қоғамның табысы да көбейеді.

Байланыс бөлімшелері қызметкерлерінің жұмыс барысында жаңа әдістер мен технологияларды зерделеуі, қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалануы персоналдың біліктілік және білім деңгейінің өсуіне оң ықпал етеді.

Сонымен, жобаның ауқымын ескерсек, персоналдың талап етілетін біліктілік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру аймақтарда және тұтас алғанда, Қазақстанда почта саласы қызметінің жақсаруына оң ықпал етеді.

Қазіргі уақытта барлық аудандық және қалалық почта байланысы тораптары компьютерлік техникамен жарақталған, "Аманат-почта" бағдарламалық өнімін ендіру және корпоративтік ақпарат жүйесін құру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Қоғам жіберудің қысқа мерзімімен және ақпараттық қорғаудың жоғары дәрежесімен кіріктірілген қызметтерді ұсынуға мүмкіндік беретін меншікті автоматтандандырылған ақпараттық-технологиялық жүйені құруды жоспарлап отыр.

Компьютерлік және перифериялық жабдықтарды орнату біртұтас корпоративтік ақпарат жүйесін құрудағы бастапқы кезең болды. Бұл төлемдік қаржылық тәртіпті, көлік желісін ұтымды пайдалануды, жаңа қаржылық және агенттік қызметтер енгізуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, сапалық сипатты арттыруға мүмкіндік берді, мұның өзі, қорыта келгенде, Қоғамның табыстылығын арттыруға әкеледі.

Гибридтік почта, электрондық почта, Директ-мейл сияқты почта саласы үшін дәстүрлі емес жаңа қызметтерді және қаржылық қызметтердің өте кең ауқымын ұсыну мү м к і н д і г і п а й д а б о л д ы .

Ауылдық жерлердегі зейнеткерлер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері зейнетақы мен жалақыны уақтылы алады, салық төлемдерінің барлық түрлерін жинау және түрлі деңгейдегі бюджеттерге есептеу жеделдетілді, почта саласының ауылдық бөлімшелерінің саны көбеюде, мұның өзі мемлекеттік саясатты жүргізу және ауыл тұрғындарының ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді.

"Қазақстан Республикасының почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру" жобасын табысты іске асыру өмір сүру аймағына байланыссыз Қазақстан халқының кең тобына почта сервисі қауіпсіздігінің кепілін қамтамасыз етуді көздейтін жаңа сапалы негіздегі почта қаржылық және агенттік қызмет көрсетулерін ұсынуға мүмкіндік береді. Почта жөнелтімдері мен ақшалай аударымдардың өтуін тездету, уақтылы жеткізу мен жазысулардың жасырындылығын сақтау, почта

имиджіне оң әр қосады, ал жақын және алыс шетелдердің почта қызметтерімен тығыз іс-қимылды және қазақстандық почтаның қызмет көрсетулерін шетелдік азаматтардың пайдалануын ескерсек, бүтіндей алғанда елдің беделінің артуына ықпал етеді.

Белгіленген инвестициялық бағдарламаға сәйкес негізгі капиталды инвестициялауға және айналым қаражатын толықтыруға сырттан қаржы ресурстарын тартуға байланысты, сонымен қатар почта-жинақ жүйесін дамытуды тұрғындардың депозиттерінің өсуін және клиенттерге есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетудің кеңейуін ескере отырып, Қоғамның кредиторлық қарыздары 2003-2005 жылдары көбейтіледі.

Сөйтіп, 2003 жылдан 2005 жылға дейінгі кезеңде негізгі капиталға инвестициялар ретінде заемдарды тарту нәтижесінде кредиторлық берешектің артуы жалпы көлемде 2 829, 8 млн.теңгені құрайды, мұның өзі 2001 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2,3 есе жоғары, оның ішінде:

"Қазақстан Халық Банкі" ААҚ кредиттік желісі бойынша қарыздың қалдығын өтеуді ескере отырып, 2003 жылы кредиторлық берешектің өсуі 1 177,5 млн. теңгені құрайды;

2004 жылы кредиторлық берешектің деңгейі Ислам Даму Банкінің үкіметтік емес заемын мемлекеттік кепілдікке тарту нәтижесінде 1498,5 млн.теңгеге артады, немесе 2003 жылмен салыстырғанда 38%-артады;

2005 жылы - банк-резиденттің кредиті есебінен - 153,8 млн.теңгеге.

Кредиторлық берешектің кемуі Ислам Даму Банкінің шарттарына сәйкес негізгі қарызды төлеу жөніндегі жеңілдетілген мерзімнің аяқталуы бойынша 2006 жылдан, сондай-ақ, 2008 жылы облигацияларды өтеу есебінен басталады.

2.2 Күрделі салымдар

